

¹Базарбекова Н.Ш.,* ¹Сералиева А.Е., ²Содиқов Қ.

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

¹аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

²филолог.ғ.д., профессор Тошкент давлат шарқшунослик университети, Тошкент, Узбекстон

**Б.НҮРЖЕКЕЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ
М.ГОРЬКИЙ, М.ӘУЕЗОВ, Ғ.МҮСІРЕПОВ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАСТЫРУУ**

Автор - корреспондент: nagimabazarbekova@list.ru

Түйін: Бексұлтан Нұржекеевті талант табиғаты жағынан өмір тәжірибесін өз шығармашылығында молынан пайдаланатын жазушылар санатынан деп айтуымызға болады. Оның басты себебі – жазушы бастан кешірген мол өмірлік тәжірибе. Себебі, ол дүние есігін ашып, бұғанасы қатпай жатып, соғыс басталды. Бексұлтан Нұржекеевның жазушылық шеберлігінің көрінісі де - осы өмірдің біте қайнасуында жатса керек. Қаламгер кейіпкерлерінің көбінің характерлері айқын, эстетикалық талғаммен сұрыпталған типтік бейне дәрежесінен көрінуінің басты себебі де осында. Сондықтан да оның туындылары өміршең. Жазушы шығармаларының уақыт өткен сайын жаңа қырымен, жаңа сырымен ашыла, құлпыра түсуінің сыры да осында. Қашанда әйел жанының нәзік иірімдері мен қалтарыс-қабаттарын, тылсым құпияларын, өзгеше жаратылыстың өзіндік жұмбақтарын ашуды, сол арқылы әсемдік пен сұлулықты әңгімелеуді мақсат тұтқан қаламгер Бексұлтан Нұржекеев шығармашылығы айрықша эстетикалық көркемдігімен көзге түспек. Суреткер туындыларының ғалымдар мен әдебиеттанушылар тарапынан зерттеу нысанына айналуы кезек күттірмес көкейтесті мәселенің бірі.

Кілт сөздер: Көкейтесті, дәстүр, эстетикалық талғам, қаламгер, кейіпкер, жаңа қырымен, жазушы.

Кіріспе. М.Горький шығармаларында әйел-ана «бар нәрсені жеңетін тіршіліктің бұлағы» «Ажал - оның алдында бас иетін - жалғыз күш» деп асыра мадақтап, даналықпен дәріптейді, қадірлеп қастерлейді. Мағжан Жұмабаев аударуындағы «Темірді жұмсартқан ана» әңгімесінде ол: «Бізге қажымас қыран тауып беретін - әйел. Анаға құлдық ұралық! Аристотель сол әйелдің ұлы Фердауси, балдай тәтті Сағди, у қосылған шараптай Омар Хайям, Ескендір мен Соқыр Ғұмар-осылардың бәрі сол ананың балалары, бәрі ананың сүтін ішкен. Бойлары бетегеден аспайтын күндерінде солардың әрқайсысының қолдарынан ұстап, жетектеп өмірге кіргізген сол ана. Өмірде ауызға аларлық барлық әр зат сол аналардан» [1, 293-бет] деп ой тұжырады.

Негізгі бөлім. Ананың, әйел болмысының биік тұлғасы, нәзік те қатал, сезімтал да қайсар, әрі жомарт, әрі қытымыр, терең де тамырлы жан дүниесінің қатпары мол тылсым қабаттарын айқара ашып көрсеткен кемеңгер жазушы өз туындыларында Ананың ажалды да жеңе алатын қайсар күш иесі екенін, жер-дүниені қан қақсатқан Ақсақ Темір сияқты мейрімсіз, тас жүрек қолбасшының да тас шемен көңіліндегі сезімін оятып, оған өз дегенін істетеді, бұйрық бере біледі.

«Мен - Тәңірі құлы Темір - тиісті сөзді ғана айтамын. Міне, менің алдымда бір әйел отыр. Мұндай әйелдер сансыз ғой. Осы әйел маған бұрын білінбеген сезімдер оятты. Ол маған өзінің теңіне сөйлегендей сөйлейді. Және өтінбейді! Бұйырады! Ұқтым Іәм көріп отырмын - бұл әйелдің неліктен осынша қайратты екенін. Ол сүйеді. Оның ұлының қалай жүз жылдар бойына сөнбейтін жалын туатын тірліктің бір ұшқыны екенін оған осы махаббат білгізіп отыр ғой. Пайғамбардың бәрі бала болмап па? Ерлердің бәрі әлсіз нәресте болмап па? Оң көзімнің нұры Жәңгір-ай, кім біледі, сенің маңдайына тағдырда жерді жылытып, жерге бақыт себу жазылған шығар-ау? Мен жерді қанға тұншықтырдым, қанға бөккен жер іркілдеп тұр ғой! Жер қазір майы сорғалап тұр. Қыртыстанды. Енді семіз жерге бақ екпей, бақыт егетін адам керек шығар...» дейді [1, 294-бет].

Ақсақ Темірдің шын досы ақын Керменеді тап осы сәтте шабыттана сөйлеп, шаттана

айғайлап «Гүл мен жұлдыз жайындағы өлеңнің бәрі сүю жайындағы өлең болады. Майдың айын, көктегі күнді айтсаң, бұ да сүю жайындағы өлең болады. Бірақ адамның анасы, өмірдің мықты бәйтерегі ана жайындағы өлең әлі айтылған жоқ» дейді. Иә, ананың құдіретін, ананың ұлылығын, ана қасиетін ешбір ақын жырлап тауыса алмаса керек. Денесінен дене бөліп шығарып, ажалмен алысып жатып, өмірге ұрпақ әкелетін Ана –киесі тереңде, тұңғықта болмақ. Жер - әлемге өмір-ұрығын шашып, адамзат біткенге тек қуаныш пен шаттық сыйлайтын аналардың әулиелігін ешбір қаламгер жазып түгете алмас. Дегенмен қалам иелерінің көпшілігі осы тақырыпқа айналып соқпай отыра алмайды. Өйткені арқалы ақын да, жалынды жазушы да, айтулы батыр да, шешен де, көсем де, қара да, хан да, анадан туған, ана сүтін емген, ана құшағын көрген ғой. Қазақ қаламгерлерінен М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтер де Горький дәстүрінен сабақ алып, қазақ әйелінің, Ана бейнесінің мәңгілік өлмес, өшпес өр де өжет тұлғасын сомдауға ұмтылады. М.Әуезов «Қаралы сұлуында» ері қаза тапқан қазақ әйелінің жан күйзелісін, әйел табиғатының қалауынан зардап шеккен мұңлық жанның шерменде күйін тебірене толғап, тереңнен бейнелейді. Алланың әрі әйелді жаратқанда оны өмірге ұрпақ әкелуші, адамзат санын көбейтуші деп, оның бойына сондай қажет дарытқан емес пе? Сол себепті әйел де өз болмысынан, өз табиғатынан қашып құтыла алмаса керек. М.Әуезовтің де «Қаралы сұлуы» өз табиғатынан, болмысынан адасып, қайта қауышқан жан десе де болғандай.

Ғ.Мүсірепов қазақ әдебиетінде осы тақырыпта көбірек қалам тербеген, ана, әйел тақырыбын жанына етене жақын тұтқан жазушы. Ол «Ана», «Ананың арашасы», «Ақлима» сияқты шағын әңгімелерінде қазақ әйел болмысын, оның терең сезім иірімдерін кесек әрекеті, сөзі, кескіні, келбеті арқылы суреттейді. Ал оның «Ұлпан» романындағы Ұлпан ана бейнесі тұтас қауымға сөзі өтімді, ел анасының, елге қадірлі, құрметті, абыройлы әйелдің сом тұлғасы ретінде көрінеді. Ұлпан өз жары Енесейдің көзі тірісінде оған еркелей жүріп, наздана жүріп дегенін істетеді, дегенмен бұл жерде ол өз қамын, қарақан басының қалауын көздемей, ел мүддесін, қалың қауым тілегі үшін ірі қадамдарға, табанды шешімдерге барады. Қашанда Есеней елінің жағдайы, хал-ахуалы жақсы болуын қалаған ақылды әйелді жазушы шеберлік шыңында суреттеп, бейнелеп, биік тұрғыға көтеріп, дана, кемеңгер, данышпан дәрежесіне көтереді. Қазақ әйелінің қайсар тұлғасын, даладай дарқан кең пейілділігін, жүректілігін, кесек әрекет, қарымды қимыл көрсету қабеттілігін, нәзік те нәрлі сезімталдығын, көпшілігі мен кешірімшілдігін, өрлігі мен ерлігін, парасаттылығын дәріптейді.

Өзінен алдыңғы аға буын өкілдерінен тәлім –тәрбие алған, солардың өнегесін өн бойына сіңіре білген Бексұлтан Нұржекеев шығармашылығының басым көпшілігінде ана бейнесін жасайды, оны барынша терең иірімдерімен, қуаныш-шаттығы, қасірет-қайғысы, мұң-шерімен табиғи байланыста, тығыз тұтастықта көркем кестелейді. Бексұлтан Нұржекеев өзінен алдыңғы ағаларының шығармашылық дәстүрін жалғастыра отырып, осы терең тақырыпты барынша әйгілеуге, суреттеп-сипаттауға бар күшін сарқа жұмсайды, бойындағы бар жалынын сарп етеді.

Өз қатарласы, тұстасы, замандасы Дулат Исабеков те қаламгердің шығармашылық ізденісі көп ретте амалсыз тіршіліктің толып жатқан күйбеңіне, жанұяға, балаларға, отбасына жұмсалып жатқанын айта отырып, «оның алғашқы туындылары махаббат, мораль мәселелеріне көп арналды. Сондықтан да болар оның жетпісінші жылдардағы шығармалары қалың оқырманның, әсіресе жастардың сүйікті кітабына айналды» [2,83-бет] деуі Бексұлтан Нұржекеев шығармашылығына берілген шынайы баға десек те болады.

Қаламгер шым-шытырық оқиғаны бейнелеу барысында, тек талантқа қойылар талап деңгейінде көрініп, шеберлік үлгісін танытады. Ең бастысы, әрбір тақырыпша бір-біріне мазмұн жағынан да форма жағынан да ұқсас. Шығарманың композициясының өзі басты тақырыпқа қызмет етеді. Ал тақырып, композиция, сюжет шығарманың идеясын ашуға толық мүмкіндік береді. Жазушының кейіпкерлерді бейнелеу, сюжетті ширату,

романтиканы үдету, әзіл-оспақты пайдалану шеберлігі әлем әдебиеті үлгілерінен бір де бір кем түспейді.

Бексұлтан Нұржекеев шығармаларында суреттелген алуан түрлі адам тағдырының арасынан қазақ қыздарының, асылдың көзінде аналардың сүйкімді бейнелері елеулі орын алады. Көркем шығармадағы аналардың бейнесі өмір шырағданы, тіршіліктің тірегі ретінде суреттеледі емес пе? Қаламгер өмірдің бұлжымас осы бір заңдылығын өте жақсы ұғынған және соны өз шығармалары арқылы дәлелдей алған, нанымды суреттей алған жазушы деп білеміз. Оның сомдауындағы әйелдер – өмірдің өзінен алған тірі тұлға, рухы биік өнегелі қазақ қызы, бүкпесіз шындық иелері болып көрінеді. Соның өзінде олар жалаң қылыш, қатқыл қару асынғандар емес, қазақы тіршілік ыңғайында пісіп-жетілген аналардың табиғи болмысы. Олар қалай тіршілік етсе, Нұржекеев шығармаларында да солай әрекет етіп, өмір сүреді. Әйел бейнесін суреттегенде қаламгер бояуды қалың жағып, ұзақ-сонар тәптіштеп баяндап жатпай, өзіндік стилінен ауытқымай қысқа мінездеп, келте қайырады. «Күтумен кешкен ғұмырдағы» Қайныкеш, Жамалхан, «Бір өкініш, бір үміт» романындағы Бәтжан апа, Жәмихан, Кәмеш, Бүбіш, «Жау жағадан алғанда» романындағы Тәуірбала мен Әлсия, Несібелі ана мен Жауһар қыз бейнелері өздеріне ғана тән, қайталанбас тұлғаларымен көз алдында қалып қояды. Бексұлтан Нұржекеев шығармаларындағы шыншыл да шебер жасалған әйелдер бейнесі галереясында өзгелерден оқшау тұрған тұлға бар. Ол «Бір өкініш, бір үміт» романындағы бүкіл әлемнің анасындай болып сезілетін Бәтжан апа образы. Бұл образ арқылы қаламгер өз балалық шағының уайымсыз, қайғысыз, жарқын шақтарын елестетеді.

Суреткердің қай шығармасын алсаңыз да, басты кейіпкер әйел не қыз болып келеді. Және ол жай әйел емес, аяулы ана, жауқазындай балауса бойжеткен... Сұлулыққа құштар жазушы жаны әр шығармасын жазған сайын сұлулық сырын ұқтыра түседі. Қалың оқырмау қауым осы сұлулық сырын ұғынған сайын қаламгер Бексұлтанның көркемдік-эстетикалық әлеміне дендеп еніп, оның табиғаты бөлек жазушылық жалын ұшқындарына шарпылып, суреткерлік талантына тамсанып, табынады. Қаламгер шығармаларының шынайы шеберлігі де осы оқырман қауымды таңданып-тамсандыратындығында, сүйсінтіп-сүйсіндіретіндігінде, табынтып-сағындыратын-дығында жатса керек. Жазушы туындыларының осындай өміршендігі мен ой өзектілігі оның барлық шығармаларының өн бойында сымдай тартылып, өзіндік көрінісін, сипатын тапқан.

Уақыт ықпалын өз бойына сіңіріп, тіршілік дүниесінде өтіп жатқан құбылыстарды байқап, талдап, осы арқылы адам баласына қайта әсер қалдыратын – өнер. Өнер мен әдебиет бұл жерде елек іспетті. Адам жанының кейбір тұстарын шығармада дөңестеу суреттеледі, немесе назардан тыс қала берді. Әдебиетке елуінші жылдардың аяғында еркін ене бастаған лирикалық прозаның негізгі мақсаты - осы кемшіліктердің орнын толтыру, кейіпкер жанына терең үңілу, нәзік иірімдерді алғы жоспарға шығару болатын. Авторлар, біріншіден, шығармаға қатысатындарды лайықтап алды. Сахнаға шамалы адам шықты. Геройдың жан-дүниесі жоғары деңгейде зерттелді. Екіншіден, кейіпкердің мінезі, әрекеті даралануы үшін кей уақытта автор оларды аз уақытқа болса да ортадан оңашалау бейнеледі. Үшіншіден, кейіпкер жан дүниесіндегі құбылысты байқаушы, әрі авторлық ұстанымды аңғартар қосымша кейіпкер алынады. Көбіне оқиға сол кейіпкердің ойымен, көзімен таразыланды.

Өнердің басты пәні - Адам. Софокл айтқандай «Жарық дүниенің ғажайып жаратындысы».

Мейлі жан-жануарлар дүниесін, мейлі табиғатты жазсын, Адам тағдыры - автор ойына түйін болар мәселе. Дулат Исабеков те адам өмірі жайында жазады. Ф.М. Достоевскийден шәкірттік үйреніс зая кетпегендей, даңқы биіктен-биікке өрлеп, уақытпен бірге қайта түлеп, соны қырынан жалтырап келе жатыр. Дулат Исабеков «кішкентай адамдар» туралы жазды. Кішкентай әрбір адамды - жеке тағдыр деп қарайды. Жазушылық оймен кішкентай адамның жеке бас өмірбаянын тағдырға айналдыра Азғантай ғұмырын азапқа айналдыру, тағдырын тәлкекке салу - әлеуметтік жағдай, өткен замана әсері еді. Ал,

қазір жазушы өткенді айта отырып бүгінге оралады. Бүгінгі өміріміздің моральдық мәселелерін кейіпкері арқылы көтереді.

Қай тақырыпты, қандай уақытты Д. Исабеков адам өмірін талдап, суреттеу арқылы игереді. Замандастар тіршілігінен жазылған шығармалар кейде ауысымдық киімдей басқа айналымға, қолдануға жарамай қала беретіні бар. Жазушы бүгінгі заман өмірін шығармаларына арқау етті. Соның қайсысы да оқырман көңілінен шығу, уақыт талабына шыдауды мақсат етті.

Жазушы Д.Исабеков әңгімелерін мұқият оқу шарт. Оның шығармалары суреттеп отырған кейіпкерлерінің сырт болмысын аз бағып, олардың жүрек қалтарысын, ішкі жандүниесін қалтқысыз бақылауға ұмтылады. Психикалық ауру күйге сап-сау сананың ұшырауына дейін, адамның әруаққа айналуына дейін кейіпкерлер психологиясына барлау жасайды.

Шығарманың көркемдік образы айқын, құрылымы қарапайым екеніне, жалпы шығармашылығының демократиялық сипатына қарамастан көркемдік әлем лабиринттерінен жол табу - оқырманның жан еңбегін қажет етеді. Бүкіладамзаттық мәселелерді ұлттық кеңістікте қарастыратын жазушы шығармашылығының күрделілігі де осы көз алдар қарапайымдылығында, өмір-болмыспен бетпе-бет келе отырып рухани тынысты, рухани үрдістерді зерделер-зерделетер зиялы бастауында. Осы бір орайдан қарастырғанда жазушы шығармашылығы ойланамын деген жанға бірталай ырыздық береді. Оның қай жанрдағы туындыларында да адамға, бейкемел өмірге деген үлкен сүйіспеншілік сезілер еді. Өз танымында Дулат Исабеков – мәңгілік толғақ қысқан әрі уыстан шығып кете беретін өмір-болмыспен бетпе-бет келіп, оған зиялы қарсылық жасайтын суреткер, гуманист.

Әңгімеде қаламгердің баса көрсететіні, айрықша меңзейтіні махаббат, құмарлық пен құштарлық мәселелері ғана емес, әйел сезімінің тазалығы, жан сұлулығы, адалдығы мен пәктігі. Себебі, еркектің оған тастап кеткен ірі көлемдегі қаржысын жеті жыл бойына шашау шығармай сақтап, ақыр соңында еркектің басына іс түсіп, тақырға отырған сәтінде оған қайыра ұсынуы - таңқаларлық адамгершілік, адалдық пен пәктік белгісіндей. Бексұлтан Нұржекеев сықылды қарымды қаламгердің қатар қалам сермеп жүрген, бір тақырыпқа түрліше барлау жасап, әрқайсысы өз қал-қадарынша, өз әлінше тереңдей барып жүрген тұтастары мен әріптестері мұнымен шектеліп қалмақ емес. Олардың барлығының шығармашылықтарын зерттеу нысаны болып отырған қаламгер шығармашылығымен салыстыру, әрине, бір зерттеу жұмысы көлемінде мүмкін емес. Сол себепті де біз олардың ішінен іргелілерін, ірілерін екшей алып, терең талдау, зерделі зерттеу, сарабал салыстырулар жасадық.

Жалақысы өзіне бірде жетсе, бірде жетпей, қиналып, қысылып жүрген мектептің қарапайым мұғалимасының ешқандай еңбексіз, тер төгусіз келген ақшаны жұмсауға батылы барып, ары жетпеуі - оның табиғи бітімін, жаратылыс-болмысын бар қырынан таныта түскендей. Жазушының бұл кейіпкер бейнесін сомдаудағы психологтік жітілігін, суреткерлік сұңғылалығын, қаламгерлік қарымы мен жазушылық жанкештілігін аңғарып, байқау, таңданып, тамсану аса қиын емес.

Қорытынды. Әңгімеде қаламгердің баса көрсететіні, айрықша меңзейтіні махаббат, құмарлық пен құштарлық мәселелері ғана емес, әйел сезімінің тазалығы, жан сұлулығы, адалдығы мен пәктігі. Себебі, еркектің оған тастап кеткен ірі көлемдегі қаржысын жеті жыл бойына шашау шығармай сақтап, ақыр соңында еркектің басына іс түсіп, тақырға отырған сәтінде оған қайыра ұсынуы - таңқаларлық адамгершілік, адалдық пен пәктік белгісіндей. Бексұлтан Нұржекеев сықылды қарымды қаламгердің қатар қалам сермеп жүрген, бір тақырыпқа түрліше барлау жасап, әрқайсысы өз қал-қадарынша, өз әлінше тереңдей барып жүрген тұтастары мен әріптестері мұнымен шектеліп қалмақ емес. Олардың барлығының шығармашылықтарын зерттеу нысаны болып отырған қаламгер шығармашылығымен салыстыру, әрине, бір зерттеу жұмысы көлемінде мүмкін емес. Сол себепті де біз олардың ішінен іргелілерін, ірілерін екшей алып, терең талдау, зерделі

зерттеу, сарабал салыстырулар жасадық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Горький М. Артомановтардың ісі әңгімелер. Астана 2007. 488б.
2. Исабеков Д. Елуінде ел таныған Қазақ әдебиеті. 1991. 22 ақпан.
3. Құлахметов Ғ. Көкжал болып туған қой терісін жамылмайды Алматы ақшамы. 1991. 23 ақпан.
4. Исабеков Д. Жазумен өткен қырық жыл Егемен Қазақстан. 2001. 21 ақпан.
5. Әлпейісов Т. Есіме қарагер түсті Жас алаш. 2001. 22- ақпан.
6. Елеуқенов Ш. Махаббатсыз дүние бос ... Ақиқат. 2005. №12. 34-41 бб.
7. Керейқұлов Қ. Шымырлап шындық өрілді Лениншіл жас. 1984. 25 мамыр.
8. Мәмесейіт Т. Талантқа талғам таразы Халық кеңесі. 1995. 22 қыркүйек.
- 10 Нұржекеев Б. Төрт томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Алматы: Жалын. 2008. 470 б.
- 11 Нұржекеев Б. Күтумен кешкен ғұмыр. Алматы: Жазушы, 1977. 282 б.
- 12 Нұржекеев Б. Бір ғана махаббат. Алматы: Жазушы, 1973. 137 б.

Аннотация: Можно сказать, что Бексултан Нуржекеев по природе таланта из разряда писателей, щедро использующих в своем творчестве жизненный опыт. Его главная причина- богатый жизненный опыт, пережитый писателем. Потому что, когда он пришел в себя, в этом году началась война. В этом и заключается проявление писательского мастерства Бексултана Нуржекеева. В этом и заключается главная причина того, что большинство героев-писателей выглядят из разряда типичных образов, характеры которых отсортированы по четкому, эстетическому вкусу. Поэтому его производные жизнеспособны. В этом и заключается секрет того, что произведения писателя со временем раскрываются, раскрываются, раскрываются новыми гранями, новыми красками. Творчество писателя Бексултана Нуржекеева, всегда стремящегося раскрыть тонкие нити и пласты женской души, мистические тайны, оригинальные загадки необычных созданий, тем самым рассказать о красоте и великолепии, отличается особой эстетической живописностью. Превращение произведений художника в предмет исследования со стороны ученых и литературоведов является одной из неотложных проблем.

Ключевые слова: Актуальный, традиции, эстетический вкус, писатель, герой, с новой стороны, писатель.

Abstract: We can say that bek Sultan Nurzhekeyev is a talented writer who uses his life experience in his work. The main reason for this is the rich life experience of the writer. Because when he recovered, the war broke out this year. This is a reflection of Bek Sultan Nurzhekeyev's writing skills. This is the main reason why most character writers come from the category of typical images, whose characters are sorted according to clear, aesthetic taste. Therefore, its derivatives are viable. This is the secret of the fact that the works of the writer are revealed and revealed over time, with new facets, with new colors. The work of the writer Bek Sultan Nurzhekeyev is distinguished by a special aesthetic artistry, always striving to reveal the subtle threads and layers of the female soul, mystical secrets, special secrets of unusual creatures, thereby talking about beauty and Grace. One of the most pressing issues is the transformation of works of the artist into the subject of research by scientists and literary critics.

Key words: Actual, tradition, aesthetic taste, writer, hero, from a new side, writer.